

**«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының
мектепалды тобына арналған**

Дөңгелек үстел: «Балаға кітапты қалай тандау керек?»

Тәрбиеші: Куанышова К.Н.

Дөңгелек үстел: «Балаға кітапты қалай тандау керек?»

Мақсаты: Ата-аналарды баланың жас ерекшелігіне сай кітап тандауға үйрету. Баланың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Бақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту.

Көрнекіліктер: Әртүрлі жасқа арналған кітаптар көрмесі, мақал-мәтелдер жазылған плакаттар, сауалнама парақтары, үлестірмелі жадынамалар.

I. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші: Армысыздар, құрметті ата-аналар мен әріптестер! Бүгінгі «Балаға кітапты қалай тандау керек?» атты дөңгелек үстелімізге қош келдіңіздер. Кітап — баланың киялын дамытып, сөздік қорын байытатын басты құрал. Бүгін біз баламызға кітапты қалай дұрыс тандау керектігін талқылаймыз.

«Жылылық шеңбері» тренингі: Ата-аналар шеңберге тұрады. Бір-біріне доп лақтырып, бала кезінде сүйіп оқыған ең алғашқы кітабының атын атайды.

II. Негізгі бөлім (Талқылау және кеңестер)

1. Жас ерекшелігіне қарай кітап тандау критерийлері

Тәрбиеші ата-аналарға қысқаша ақпарат береді:

1–3 жас (Ерте жас):

Матадан немесе қалың картоннан жасалған кітаптар.

Суреттері өте үлкен, түрлі-түсті болуы тиіс.

Мәтіні өте қысқа (1–2 сөйлем) және тақпақ түрінде.

3–5 жас (Ортаңғы топ):

Қысқа ертегілер, жануарлар туралы әңгімелер.

Суреті мен мәтіні тең деңгейде орналасуы керек.

Баланың кейіпкерлерді тани алуы маңызды.

5–7 жас (Ересек және даярлық топ):

Сюжеті күрделірек сиқырлы ертегілер, танымдық энциклопедиялар.

Әріптері ірі, бала өзі оқып үйренуге ыңғайлы кітаптар.

Суреттерден бөлек, мазмұнына басымдық беріледі.

2. «Жақсы және Жаман кітап» (Практикалық тапсырма)

Ата-аналар екі топқа бөлінеді.

Ортаға әртүрлі кітаптар (сапасыз басылған, суреті қорқынышты, қаріптері тым ұсақ және керісінше өте сапалы кітаптар) қойылады.

Тапсырма: Ата-аналар өз тобына берілген кітаптарды саралап, оның зияны мен пайдасын дәлелдеп береді.

3. Сұрақ-жауап және пікірталас

Ата-аналарға арналған ашық сұрақтар:

Балаңызға кітапты қаншалықты жиі оқып бересіз?

Бала кітап сатып аларда өз пікірін айта ма, әлде тек өзіңіз тандайсыз ба?

Электронды кітап пен қағаз кітаптың қайсысын жөн көресіз?

III. Практикалық бөлім (Ата-аналарға кеңес)

Баланы кітапқа баулудың 5 алтын ережесі:

1. **Үлгі көрсету:** Бала кітап оқып отырған ата-ананы көруі тиіс.
2. **Дәстүр қалыптастыру:** Ұйықтар алдында 15 минут кітап оқуды әдетке айналдыру.
3. **Қолжетімділік:** Кітаптар баланың қолы жететін төменгі сөрелерде тұруы керек.
4. **Талқылау:** Оқыған ертегі бойынша «Кейіпкер неге өйтті?», «Сен оның орнында не істер едің?» деп сұрақ қою.
5. **Театрландыру:** Оқылған кітап желісімен үйде шағын қойылымдар қою.

IV. Қорытынды бөлім

«Тілек ағашы» рефлексиясы: Ата-аналар стикерлерге бүгінгі шарадан алған әсерлерін және балаларына қандай кітап алып бергісі келетінін жазып, плакаттағы ағаш суретіне жабыстырады.

Марапаттау: Белсенді қатысқан ата-аналарға алғыс айту. Оларға «Балаға кітап тандау ережелері» атты жадынама (буклет) үлестіру.

Тәрбиеші сөзі: «Кітап оқитын бала — ойлайтын бала». Балаларымыздың болашағы жарқын болуы, бүгін біз оларға қандай кітап тандап бергенімізге байланысты. Назарларыңызға рақмет!

Наурыз айында жүргізілетін жұмыс түрлері

- Мерекелік ертеңгілік: «Ана – өмір шуағы»
2. Ұлттық дәстүрлер апталығы: «Салт-дәстүр – ұрпақ қазынасы»
3. Наурыз мерекесін өткізу (8 наурыз және 22 наурыз)
4. Экскурсия: «Естеліктер елі» музейге саяхат

